



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Филология, журналистика және өнер факультеті

Психология және педагогика кафедрасы

5В050300-психология бакалавр
мамандығының студенттеріне арналған

«Жалпы педагогика»

ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (Syllabus)

Павлодар



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/38

БЕКІТЕМІН
ФЖжӨФ деканы

_____ Ж.Т.Сарбалаев
20__ж. «__» _____

Құрастырушы: _____ п.ғ.к., ПМУ доценті С.К. Ксембаева

Психология және педагогика кафедрасы

5В050300-психология бакалавр мамандығының
күндізгі оқу нысанындағы студенттеріне арналған

«Жалпы педагогика»

пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)

Бағдарлама «__» _____ 20__ж. бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының негізінде әзірленген.

20__ж. «__» _____ кафедра отырысында ұсынылған №_____ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Е.И.Бурдина 20__ж. «__» _____

Факультет оқу-әдістемелік кеңесімен құпталған _____ 20__ж.
«__» _____ №_____ хаттама

ОӘК төрағасы _____ Е.Н.Жуманкулова 20__ж. «__» _____

КЕЛІСІЛГЕН

Кафедра меңгерушісі _____ Е.И.Бурдина 20__ж. «__» _____

1 Оқытушылар туралы мәліметтер және байланысу ақпараттары

Психология және педагогика кафедрасының доценті Ксембаева Сауле Камалиденовна, аудитория А-149. Байланысу телефоны 673677, 673685 (ішкі 1139).

2 Пән туралы мәліметтер

Педагогика - адам тәрбиесі туралы ғылым. Жалпы педагогика курсы бойынша тәрбиенің тарихи және негізгі сипаты беріледі, оның қазіргі қоғам дамуындағы көрінісі орын алған. Жалпы педагогика пәні анықталып, оның негізгі категориялары: тәрбие, оқыту, қалыптастыру, білім беру, педагогикалық үдеріс, және т.б.б. беріледі. Жалпы педагогика ғылымдарының жүйесінде алатын орыны де көрсетіледі.

3 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттар саны	Аудиториялық сабақ түрлері бойынша қарым-қатынас сағаттарының саны						Студенттің өздік жұмысының сағат саны		Бақылау нысаны
		барлығы	Дәріс	практика	Зертханалық	студиялық	жеке	барлығы	СРСП	
										ЕМТ
	2	90	15	15				60	30	2
Барлығы										

4 Пәннің мақсаты және тапсырмасы

Болашақ педагогтардың кәсіби-педагогикалық құзырлығын қалыптастыру.

Міндеттері:

- студенттердің жалпы педагогика пәні бойынша теориялық білімдерін қалыптастыру;
- студенттердің қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту.
- Студенттердің өзін-өзі білімін көтеруге, шығармашылықпен ғылыми ізденіс жұмысына дайындығын қалыптастыру.

5 Білімге, икемділікке және машықтарға қойылатын талаптар

- Жалпы педагогиканың теориялық және практикалық мәнін;
- Жалпы педагогикалық теорияның негіздерін;
- Жалпы педагогикалық ойлардың даму тарихын;
- Жалпы педагогикалық үдерісінің теориямен практикасының негіздерін.

Пәнді игеруде студенттер істей білуге тиісті:

- оқу-тәрбие жұмысын педагогикалық үдерісін заңдылықтарына, принциптеріне, тәрбие механизмдеріне сәйкес жүзеге асыру;

- ғылыми тұжырымдамаларға, құқықтық-
 нормативтік құжаттарға талдау жасау,
 - педагогикалық зерттеудегі диагностикалық
 әдістемелерді қолдану.

6. Пререквизиттер: мамандыққа кіріспе

7 Постреквизиттер: педагогикалық психология

8. Пәннің тақырыптық жоспары (к/о бөлімі)

4.1 ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ				
№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Д	Т	СӨЖ
1	2	3	4	5
1.	Жалпы педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері. Жеке тұлғаны дамытудың, тәрбиелеудің қалыптастырудың өзара байланысы және сипаты	2	2	8
2.	Балалардың жас және дара ерекшеліктері, оларды оқу-тәрбие процесінде есепке алу. Мұғалімнің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру	2	2	8
3.	Тәрбие үдерісінің теориялық негіздері. Тұтас педагогикалық процесс-педагогика пәні мен мұғалім қызметінің объектісі. Педагогикалық процестің заңдылықтары	2	2	8
4.	Тәрбиенің мақсаты, әлеуметтік келісім. Дүниетаным жеке тұлғаны қалыптастырудың өзегі ретінде	2	2	6
5.	Тұтас педагогикалық үдерісі тәрбиенің мазмұны. Тұтас педагогикалық процестегі тәрбие әдістерінің формасы мен құралдарының жүйесі	2	2	6
6.	Педагогикалық үдерісі мұғалім мен балалар ұжымының өзара байланысы және өзара әрекеті. Сыныптың тәрбиелік жүйесі, сынып жетекшісінің шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі ретінде	2	2	6
7.	Отбасы тәрбиесінің негіздері. Тұтас	1	1	6

	педагогикалық процестің құрылымындағы оқыту			
8.	Қазіргі мектептегі білім берудің мазмұны. Оқытуды ұйымдастыру формалары. Қазіргі сабақ.	1	1	6
9.	Білім беру технологиялары. Мектеп туралы нормативтік құжаттардың сипаттамасы.	1 1	6	
Барлығы сағат 90с		15	15	60

4.2 Пәннің тақырыптарының мазмұны

1-тақырып Жалпы педагогиканың әдіснамалық негіздері. Жеке тұлғаны дамытудың, тәрбиелеудің қалыптастырудың өзара байланысы және сипаты.

Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың рөлі мен орны, оның басты ерекшеліктері; арнайы пәні, ғылыми терминологиялық аппараты, зерттеу әдістері.

Педагогика – адам тәрбиесі туралы ғылым. Тәрбие қоғамдық ғылым, қоғамдық қызмет ретінде. Тәрбие тарихи және негізгі сипаты, оның қазіргі қоғам дамуындағы көрінісі. Педагогика пәні, оның негізгі категориялары (тәрбие, оқыту, қалыптастыру, білім беру, педагогикалық үдеріс), олардың өзара байланысы. Педагогика ғылымдарының жүйесі. Басқа ғылымдармен байланысы (философия, психология, физиология, т.б.). Педагогиканың ғылым ретінде дамуы мен қалыптасуы. Таным теориясы. Жүйелі әдіс тәсілдері. Тұлға теориясы. Іс әрекет теориясы. Құндылықтар теориясы. Басқару теориясы. Тұтас педагогикалық процесс теориясы. Педагогикалық теория мен практиканың өзара бірлескен әрекеттің диалектикасы. Қоғамның қазіргі жағдайындағы педагогика ғылымдарының міндеттері. Мұғалімнің кәсіби дайындаудағы педагогикалық теориялардың маңызы. Педагогика курсының құрылымы.

Тұлға туралы ұғым. «Адам», «индивид», «дара», «тұлға». Тұлға құрылымының көп қырлылығы, күрделілігі, оның компоненттерінің өзара байланысы.

«Тұлғаны дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру» ұғымдарына сипаттама.

Табиғи, әлеуметтік, тарихи, белсенді мүшесі, адам туралы философиялық ережелер – тұлғаның педагогикалық тұрғыдан түсінудің әдіснамалық негізі, тұлғаны дамытудың, тәрбиелеудің, қалыптастырудың факторлары.

Тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға әсер етуші факторлар (тұқымқуалаушылық, орта, тәрбие). Субъектінің іс әрекеті тұлғаны дамытудың және қалыптастырудың қозғаушы күштері және негізгі заңдылықтары.

Тәрбиенің басты мақсаты жеке тұлға. Жеке тұлға – тәрбие процесінің және өзіндік дамудың субъектісі.

2-тақырып Балалардың жас және дара ерекшеліктері, оларды оқу тәрбие процесінде есепке алу. Мұғалімнің ғылыми зерттеу мәдениетін қалыптастыру. Оқушының жеке тұлғалық дамуының жас ерекшелік кезендері, оларға сипаттама. Жеке тұлғаның табиғи мүмкіндігі.

Жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік жағдайаттары. Қазіргі қоғамның даму кезеңінде жеке тұлғаны қалыптастырудың ерекшеліктері. Оқушының оқуға деген шынайы мүмкіндіктерін педагогикалық процесті ұйымдастыруға есепке алу. Оқушы тұлғасының дара ерекшеліктеріне сипаттама. Оқушының дара ерекшеліктері және қабілеттілігі. Қазіргі мектептегі даралап оқыту.

Педагогика ғылымның дамуы және мұғалімнің педагогикалық іс – әрекетіндегі ғылыми зерттеу жұмысының рөлі. Ғылыми зерттеу жұмысының жалпы әдіснамалық негіздері: диалектика заңдары, оларға жалпы сипаттама.

Зерттеуге жүйелі тәсіл – құбылстардың жалпы байланысының көрінісі. Таным теориясы. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негіздері: педагогиканың заңдылықтары және маңызды категориялары, педагогикалық процесс, педагогикалық пән мен мұғалім іс әрекетінің педагогикалық зерттеуге жүйелі құрылымдық, тұлғалық іс –әрекет тәсіл, тәрбие мен дамудың бірлігі, компетенттілік әдісінің мәні. Ғылыми педагогикалық зерттеу әдісінің мәні. Нақты педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру мен өткізудің әдістемесі. Педагогикалық процесті диагностикалау мен оқушыларды танып білудегі зерттеу әдістерінің ролі.

3-тақырып Тәрбие үдерісінің теориялық негіздері. Тұтас педагогикалық үдеріс – педагогика пәні мен мұғалім қызметінің объектісі. Педагогикалық үдерісінің заңдылықтары

Педагогика пәні және мұғалімнің іс–әрекет объектісі мектеп тәжірибесінде, оқу құралдарында, бағдарламаларда осы ұғымның дамуы, осы мәселелердің көрініс табуы.

Мұғалімнің іс–әрекетінің объектісі туралы ұғымның қалыптасу тарихы. Педагогикалық процестің мәні. Оның құрылымдық компоненттері. Оқушы – педагогикалық процестің субъектісі. Педагогикалық жағдайат педагогикалық процестің элементарлық жасаушысы. Уақыт пен кеністіктегі тұтас педагогикалық процестің үш қызметінің – білімділік, дамутышылық және тәрбиелік өзара байланысы және бірлігі. Жеке тұлғаның тұтастығы – педагогикалық процестің үш бірліктегі қызметің іске асыруды түсіндірудің негізі. Жеке тұлғаның шығармашылығы. Жеке тұлғаның дарындылығы.

Педагогикалық процестің қозғаушы күштері. Педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері. Оқу – тәрбие процесінің құралдары. Іс – әрекет, педагогикалық процесті іске асырудың құралы және соның ішіндегі қызметін іске асырушы. Іс–әрекетінің негізгі түрлері. Оқушының шығармашылық іс–әрекеті. Педагогикалық процесті басқару. Педагогикалық процесті болжау және қазіргі жағдайын диагностикалау мәселелері.

Педагогикалық процесс – күрделі дамытушы жүйе. Оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы ролі. Оқу – тәрбие процесін болжау, мұғалімнің әдіснамалық бағытына тәуелді. Оқу – тәрбие процесіне байланысты әр түрлі көзқарастар.

Табиғаттағы және қоғамдағы құбылстардың және процестердің даму заңдылықтардың философиялық мәні. Педагогикалық процестің заңдылықтарының мәнін танып білуге тарихи шолу және олардың мұғалімнің іс–әрекетіндегі ролі.

Педагогикалық процестің негізгі заңдылықтары, оларға сипаттама.

Педагогикалық процестің тиімділігі мектептегі педагогикалық процестегі жекелеген балалардың және ұжымның даму деңгейіне, оқушылардың жас ерекшеліктеріндегі іс–әрекеттердің ұйымдасуына және мазмұнына сәйкестілігіне тәуелділігі.

Оқу – тәрбие процесінің принциптері, оның заңдылықтарының нақты пайда болуына әсер етеді. Принциптердің мәні және оған сипаттама. Педагогикалық процесті басқарудағы, болжаудағы заңдылықтар мен принциптерді ескерудің маңызы.

4-тақырып Тәрбиенің мақсаты, әлеуметтік келісім. Дүниетаным жеке тұлғаны қалыптастырудың өзегі ретінде.

Мақсаттылық және әлеуметтік келісімділік – педагогикалық процестің негізгі заңдылықтары. Педагогикалық процестің негізгі компонентә мен тірегі – тәрбиенің мақсаты.

Педагог пен оқушылардың іс–әрекет нәтижесінің идеалдық моделі. Тәрбиенің мақсаты. Педагогикалық ой – пікірлер тарихындағы тәрбиенің мақсаты мен мәселелері.

Қоғамдық мәдениет – жас ұрпак тәрбиесінің мақсатын айқындаудың әдіснамалық негізі. Қазақстан Республикасының әлеуметтік –экономикалық даму тенденциялары және жас ұрпақты өз бетінше өмір сүруге дайындау. Әлеуметтендіру және жеке тұлғаны дербестендіру мәселесі. Жеке тұлғаның жан –жақты үйлесімді дамуы туралы ұғым. Дүниетанымның негізгі компоненттері мен мәні. Дүниетанымның түрлері. Дүниетанымды қалыптастырудың әдіснамалық негіздері. Философия, оның әртүрлі бағыттарының қалыптасушы тұлғаның дүниетанымдық көзқарасының бағалаудың ролі. Дүниетанымды қалыптастырудың психологиялық негіздері. Жеке тұлғаның құндылық бағыттары.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың жолдары мен құралдары: ғылыми білімді қалыптастыруда көзқарасы мен көзің жеткізу. Оқытудың әдістері мен формаларының, мазмұнының ролі.

5-тақырып Тұтас педагогикалық үдерісіндегі тәрбиенің мазмұны. Тұтас педагогикалық үдерісіндегі тәрбие әдістерінің формасы мен құралдарының жүйесі

Тәрбиенің мақсаты, міндеті, мазмұны және олардың өзара байланысы.

Тұлғаның жан- жақты мазмұнды сипатта дамуы адамзаттық мәдениетті меңгеруімен байланысты.

Интегралды тұлғалық сана, әлем мәдениеті, еңбекке дайындығы, тұлғаның политехникалық мәдениеті, дамгершілікке тәрбиелілігі, экологиялық, эстетикалық, дене тәрбиесі. Дүниетаным әлемге, дамдарға, өзіне деген көзқарастардың жүйесі ретінде мәдениетің дамуы менгерілуінің белсенді шарттары. Тәрбиенің түрлері.

Құралдар, формалар, әдістер педагогикалық процестің қозғаушы тетіктері ретінде. Құралдар, формалар әдістер, тәсілдер туралы жалпы ұғым, олардың тұтас педагогикалық процестегі өзара байланысы. Оларды оқуда және оқудан тыс уақытта қолданудың ерекшеліктері.

Оқыту мен тәрбие әдістерінің өзара байланысы педагогикалық процестің барлық қызметінің бірлігін көрінісі ретінде. Оқудан тыс уақыттағы жеке тұлғаның қалыптасу әдістерінің өзіндік ерекшеліктері.

Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері.

Тәрбиелік жағдайаттар жасау, үйрету, тапсырма беру, жаттығу. Оң мінез -құлық мәдениетін қалыптастыру әдістері.

Педагогикалық шығармашылықтың белгісі ретінде тәрбиенің әдістерін сұрыптау. Бақылау және өзіндік баөылау әдістері.

6-тақырып Педагогикалық үдерісі мұғалім мен балалар ұжымының өзара байланысы және өзара іс-әрекеті. Сыныптын тәрбиелік жүйесі, сынып жетекшісінің шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі ретінде

Балалар ұжымы әлеуметтік ортаның құрамдас бөлігі. Ұжымның мәні, ұжым тәрбиенің объектісі және субъектісі ретінде. Кеңес педагогтардың С. Т. Шацкий, Н.К. Крупская, А.С. Макаренко т.б. еңбектерінде ұжымдық тәрбиенің идеялары. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы дербес және ұжымдық диалектика.

Балалар ұжымын қалыптастырудың кезендері, заңдары және атқаратын қызметтері. Әрбір кезендегі педагогикалық басқарудың өзіндік ерекшеліктері. Қарым- қатынас және іс-әрекеттің ролі. Ұжымдық өмірдің эмоционалдық байлығы. Әртүрлі балалар

ұжымдарының типтері, олардың ерекшеліктері, бір біріне әсері және сабақтастығы. Педагогикалық процестің қызметіндегі тәрбиелік тетіктер: педагогтар және оқушылардың әртүрлі ұжымдық іс-әрекеттің байланысы. Сыныптан тыс жұмыстарда әртүрлі жастағы оқушылардың ұжымдық іс-әрекетіне педагогикалық басшылық жасау. Оқушылардың әртүрлі тіршілік әрекетімен байланысты қоғамдық тапсырмаларға сипаттама. Тәрбие жүйесі туралы ұғым. Сыныптағы тәрбие жүйесі. Тәрбиелік технологиялар. Тәрбие жүйесінің моделін жасау. Тәрбиелік іс – шараларды дайындаудың әдістемесі. Сынып жетекшісінің іс-әрекеттің болжау және диагностикалау. Сынып жетекшісінің қызметі. Сынып жетекшісінің оқушылардың отбасымен ынтымақтастығының түрлері. Тәрбие процесінде этнопедагогика материалдарын пайдалану.

7-тақырып Отбасы тәрбиесінің негіздері. Тұтас педагогикалық процестің құрылымдағы оқыту

Отбасында балалар тәрбиесі. Отбасында педагогикалық процесті ұйымдастырудың теориялық негіздері. Отбасында педагогикалық процесті ұйымдастырудың компоненттері. Отбасы тәрбиенің негізгі мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралы, формалары. Қазіргі отбасындағы педагогикалық процестердің жалпы сипаттамасы. Отбасы және мектептің ынтымақтастықтың түрлері. Отбасы мен педагогикалық ұжымның жұмысындағы сынып жетекшісінің ролі. Отбасындағы этнопедагогикалық тәрбие. Оқыту – тұтас педагогикалық процестің негізгі бөлігі. Білім беру мен оқытудың тәрбиелік мүмкіндіктері. Қазіргі дидактиканың проблемалары. Оқыту процесінің мәні. Әдіснамалық негіздері. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттің ерекшеліктері. Оқушылардың психологиялық негіздері. Оқытудың психологиялық теориялары. Оқыту процесін жүзеге асырудағы педагогикалық процестің негізгі қызметі: білімділік, тәрбиелік, дамытушылық. Оқыту процесінің құрылымы, негізгі кезендері, оқытудың заңдылықтары және принциптері.

8-тақырып Қазіргі мектептегі білім беру мазмұны. Оқытудың ұйымдастыру формалары. Қазіргі сабақ. Білім берудің анықтаудың ғылыми педагогикалық негізі: білім беру және оның мазмұны туралы жалпы ұғым. Мектеп тарихындағы білім мазмұнының мәселелері мен педагогикалық ой пікірлер. Кеңес мектептердің дамуы мен қалыптасуы дәуріндегі білім мазмұнын құраудың негізгі кезендері. Жалпы адамзаттық мәдениет. Білім беру компоненттеріне сипаттама. Табиғат, техника, қоғам, т.б., Жалпы политехникалық, кәсіби білім берудің өзара байланысы. Білім берудің мазмұнында пәнаралық байланыстардың мәселелері. Ұлттық мектептердегі білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары. Оқушылардың танымдық процестердің сабақтың үстінде ұйымдастыру Оқыту ұйымдастырудың түрлері туралы ұғым. Оқыту ұйымдастырудың түрлерінің дамуы мен қалыптасуына қысқаша тарихи экскурс.

Қазіргі мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың түрлері: сабақ, экскурсия, семинарлық сабақ, оқушылардың үйдегі жұмыстары, консультация.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы. Сабақтың дәстүрлі емес түрлері. Сабақты талдау. Шетел мектептеріндегі оқытуды ұйымдастыруға сипаттама.

9 -тақырып Білім беру технологиялар. Мектеп туралы нормативтік құжаттардың сипаттамасы

Педагогикалық технологиялар туралы ұғым. Педагогикалық технологиялардың негізгі сипаттамасы. Тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру технологиялар. Басқа білім беру технологиялар: педагогикалық қатынасты демократияландыру, оқушылардың іс-әрекеттінің қарқындыру мен белсендірудің негіздегі технологиялар, оқыту процесті ұйымдастыру мен басқару тиімділігі негізіндегі педагогикалық технологиялар, бала дамуының табиғи жаратылыс үрдісіне арқа сүйетін табиғатқа сәйкес пайдаланатын халықтық педагогиканың әдістері, алтернативтік, кешендік политехнологиялар. Қазақстан Республикасының Конституциядағы білім беру мәселелері. Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы Заңы. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тіл туралы» заңы. Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты туралы ереже. Базалық оқу жоспары. Варианттық оқу жоспары. Оқу бағдарламалар.

4.3 Практикалық сабақтардың мазмұны мен тізімі

1-тақырып Жалпы педагогиканың әдіснамалық негіздері. Жеке тұлғаны дамытудың, тәрбиелеудің қалыптастырудың өзара байланысы және сипаты.

1.Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың рөлі мен орны, оның басты ерекшеліктері; арнайы пәні, ғылыми терминологиялық аппараты, зерттеу әдістері.

2.Педагогика – адам тәрбиесі туралы ғылым.

3. Жалпы педагогика пәні, оның негізгі категориялары (тәрбие, оқыту, қалыптастыру, білім беру, педагогикалық үдеріс), олардың өзара байланысы. Педагогика ғылымдарының жүйесі.

4. Басқа ғылымдармен байланысы (философия, психология, физиология, т.б.). Педагогиканың ғылым ретінде дамуы мен қалыптасуы.

5. Тұлға туралы ұғым. «Адам», «индивид», «дара», «тұлға». Тұлға құрылымының көп қырлылығы, күрделілігі, оның компоненттерінің өзара байланысы.

2-тақырып Балалардың жас және дара ерекшеліктері, оларды оқу тәрбие процесінде есепке алу. Мұғалімнің ғылыми зерттеу мәдениетін қалыптастыру.

1. Оқушының жеке тұлғалық дамуының жас ерекшелік кезендері, оларға сипаттама.

2. Жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік жағдайаттары.

3. Қазіргі қоғамның даму кезеңінде жеке тұлғаны қалыптастырудың ерекшеліктері.

4. Оқушының оқуға деген шынайы мүмкіндіктерін педагогикалық процесті ұйымдастыруға есепке алу.

5. Оқушы тұлғасының дара ерекшеліктеріне сипаттама. Оқушының дара ерекшеліктері және қабілеттілігі.

6. Қазіргі мектептегі даралап оқыту.

3-тақырып Тәрбие үдерісінің теориялық негіздері. Тұтас педагогикалық үдеріс – педагогика пәні мен мұғалім қызметінің объектісі. Педагогикалық үдерісінің заңдылықтары

1. Педагогика пәні және мұғалімнің іс-әрекет объектісі мектеп тәжірибесінде, оқу құралдарында, бағдарламаларда осы ұғымның дамуы, осы мәселелердің көрініс табуы.

2. Мұғалімнің іс-әрекетінің объектісі туралы ұғымның қалыптасу тарихы.

3. Оқушы – педагогикалық үдеріснің субъектісі.

4. Педагогикалық жағдайат педагогикалық үдерісінің элементарлық жасаушысы.

5. Уақыт пен кеністіктегі тұтас педагогикалық процестің үш қызметінің – білімділік, дамутышылық және тәрбиелік өзара байланысы және бірлігі.

6. Педагогикалық үдерісінің қозғаушы күштері. Педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері.

4-тақырып Тәрбиенің мақсаты, әлеуметтік келісім. Дүниетаным жеке тұлғаны қалыптастырудың өзегі ретінде.

1. Педагог пен оқушылардың іс-әрекет нәтижесінің идеалдық моделі.

2. Тәрбиенің мақсаты. Педагогикалық ой – пікірлер тарихындағы тәрбиенің мақсаты мен мәселелері.

3. Қоғамдық мәдениет – жас ұрпақ тәрбиесінің мақсатын айқындаудың әдіснамалық негізі.

4. Қазақстан Республикасының әлеуметтік –экономикалық даму тенденциялары және жас ұрпақты өз бетінше өмір сүруге дайындау.

5. Дүниетанымның негізгі компоненттері мен мәні. Дүниетанымның түрлері.

6. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың жолдары мен құралдары: ғылыми білімді қалыптастыруда көзқарасы мен көзің жеткізу.

5-тақырып Тұтас педагогикалық үдерісіндегі тәрбиенің мазмұны. Тұтас педагогикалық үдерісіндегі тәрбие әдістерінің формасы мен құралдарының жүйесі

1. Интегралды тұлғалық сана, әлем мәдениеті, еңбекке дайындығы, тұлғаның политехникалық мәдениеті, дамгершілікке тәрбиелілігі, экологиялық, эстетикалық, дене тәрбиесі.

2. Тәрбиенің түрлері.

3. Құралдар, формалар, әдістер педагогикалық процестің қозғаушы тетіктері ретінде.

4. Оқудан тыс уақыттағы жеке тұлғаның қалыптасу әдістерінің өзіндік ерекшеліктері.

5. Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері. Бақылау және өзіндік бақылау әдістері.

6-тақырып Педагогикалық үдерісі мұғалім мен балалар ұжымының өзара байланысы және өзара іс-әрекеті. Сыныптын тәрбиелік жүйесі, сынып жетекшісінің шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі ретінде

1. Балалар ұжымы әлеуметтік ортаның құрамдас бөлігі. Ұжымның мәні, ұжым тәрбиенің объектісі және субъектісі ретінде.

2. Әртүрлі балалар ұжымдарының типтері, олардың ерекшеліктері, бір біріне әсері және сабақтастығы.

3. Сыныптағы тәрбие жүйесі.

4. Тәрбиелік технологиялар. Тәрбие жүйесінің моделін жасау.

5. Сынып жетекшісінің іс-әрекеттің болжау және диагностикалау.

6. Сынып жетекшісінің қызметі. Сынып жетекшісінің оқушылардың отбасымен ынтымақтастығының түрлері.

7-тақырып Отбасы тәрбиесінің негіздері. Тұтас педагогикалық процестің құрылымдағы оқыту

1. Отбасында педагогикалық процесті ұйымдастырудың теориялық негіздері.

2. Қазіргі отбасындағы педагогикалық процестердің жалпы сипаттамасы.

3. Отбасы және мектептің ынтымақтастықтың түрлері.

4. Отбасы мен педагогикалық ұжымның жұмысындағы сынып жетекшісінің ролі. Отбасындағы этнопедагогикалық тәрбие.

5. Оқыту процесін жүзеге асырудағы педагогикалық процестің негізгі қызметі: білімділік, тәрбиелік, дамытушылық.

6. Оқыту процесінің құрылымы, негізгі кезендері, оқытудың заңдылықтары және принциптері.

8-тақырып Қазіргі мектептегі білім беру мазмұны. Оқытудың ұйымдастыру формалары. Қазіргі сабақ.

1. Білім берудің анықтаудың ғылыми педагогикалық негізі: білім беру және оның мазмұны туралы жалпы ұғым.

2. Мектеп тарихындағы білім мазмұнының мәселелері мен педагогикалық ой пікірлер.

3. Жалпы адамзаттық мәдениет. Білім беру компоненттеріне сипаттама.

4. Ұлттық мектептердегі білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары.

5. Қазіргі мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың түрлері: сабақ, экскурсия, семинарлық сабақ, оқушылардың үйдегі жұмыстары, консультация.

6. Сабақтың дәстүрлі емес түрлері. Сабақты талдау. Шетел мектептеріндегі оқытуды ұйымдастыруға сипаттама.

9 -тақырып Білім беру технологиялар. Мектеп туралы нормативтік құжаттардың сипаттамасы

1. Педагогикалық технологиялар туралы ұғым.

2. Педагогикалық технологиялардың негізгі сипаттамасы. Тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру технологиялар.

3. Басқа білім беру технологиялар: оқыту процесті ұйымдастыру мен басқару тиімділігі негізіндегі педагогикалық технологиялар, бала дамуының табиғи жаратылыс үрдісіне арқа сүйетін табиғатқа сәйкес пайдаланатын халықтық педагогиканың әдістері, альтернативтік, кешендік политехнологиялар.

4. Қазақстан Республикасының Конституциядағы білім беру мәселелері. Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы Заңы. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тіл туралы» заңы.

5. Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты туралы ереже.

4.4 Студенттің өздік жұмысының мазмұны

№	СӨЖ түрі	Есеп беру ф-сы	Бақылау түрі	Сағатқа шаққан дағы көлемі
1.	Дәрістер бойынша әдебиет көздерін конспектілеу	Конспект жасау	Сабаққа қатысу	15
2.	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй тапсырмаларын орындау	Үй тапсырмалар жазба түрде	Сабаққа қатысу	15
3.	Аудиториялық сабақтардың мазмұнына кірмеген материалды зерделеу	Реферат	Баяндаманы қорғау	20
4.	Бақылау іс-шараларына дайындалу	Конспект	Аралық және қорытынды бақылау (тестілеу, емтихан)	10

4.4.2 Студенттердің өздігінен оқуына бөлінген тақырыптардың тізімі

- 1-тақырып. Тәрбиелік іс– шараларды дайындаудың әдістері
- 2-тақырып. Қазіргі отбасындағы тәрбие мәселелері
- 3-тақырып. Оқушылардың отбасы мен сынып жетекшісінің өзара әрекеті
- 4-тақырып. Оқыту процесінің мәні
- 5-тақырып. Оқыту процесінде оның негізгі қызметтерінің жүзеге асырудағы (білімділік, тәрбиелік, дамытушылық).
- 6 тақырып. Білім беру мазмұнын іріктеу мәселелері
- 7 тақырып. Білім беру мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаттар
- 8 тақырып. Сабақта оқушылардың танымдық іс–әрекетін ұйымдастырудың формалары
- 9 тақырып. Мұғалімнің сабаққа дайындық жүйесі тақырыптық сабақты жоспарлау
- 10 тақырып. Оқушылардың танымдық іс–әрекетін дәстүрлі емес формада ұйымдастыру
- 11 тақырып. Жаңашыл педагогтардың іс–әрекеттері
- 12 тақырып. Ұжымдық шығармашылық әрекеті ұйымдастыру әдістері (КТД).
- 13 тақырып. Қазақстан Республикасы мектептері мұғалімдерінің инновациялық іс–әрекеттері.
- 14 тақырып. Қазақстан Республикасының білім саласындағы тұжырымдамалар.
- 15 тақырып. Нақты педагогикалық зерттеуді өткізу мен ұйымдастыру әдістері.

11 Курс саясаты

Оқытушы мен студенттердің академиялық этикасының саясаты университеттің ішкі тәртібінің ережелеріне сәйкес болуы тиіс. Оқу үдерісіне белсенді түрде қатысуы қажет. Оқу материалы бойынша сұрақтар қою, тиянақты жауаптар беру және өзіндік көзқарастарды таныту өте маңызды. Оқытушы мен курстастарды сыйлау керек. Оқытушы сөйлегенде, дауыстап әңгімелесуге болмайды, екінші ескертуден соң студент аудиториядан шығарылады. Сабақтарды орынды себепсіз босатуға тыйым салынады. Әрбір себеп анықтамамен расталуы қажет. Студент босатқан сабақтарының орнын оқытушының анықтаған уақытында толықтырылуы тиіс. 10 минуттан артық кешіккен студент сабаққа жіберілмейді. Сабаққа кешігудің немесе келмеудің себептерін алдын-ала ескерген жөн. Үй тапсырмасын және басқа жазба жұмыстарды дерт кезінде тапсыру қажет. Бақылау жұмысын, тестті емтиханды тапсыруда көшіруге жол берілмейді. Оқытушының

консультациясына қатысуы міндетті. Сабақ барысында ұялы телефондар сөндірілген қалыпта болуы талап етіледі. Сағыс шайнауға, дөрекілік пен мәдениетсіздіктің белгісі ретінде қатаң тыйым салынады.

Оқу процесіне қатысу дегеніміз – сабаққа қатысу, пікірталаста және топ жұмысында белсенділік көрсету, топтастарының оқуына әсер ету.

Мәселен, дәрісті орынды себепсіз босату үшін 2 балл шегеріледі (-2); дәрістің шала конспектіленгені үшін жарты балл кемітіледі (-0,5); тәжірибелік сабақтарда белсенділік танытпай, немқұрайды қатынасу ең кем дегенде жарты баллды шегеруімен (-0,5) жазаланады.

Межелік бақылау пәннің тиесілі кезеңде өтілген тақырыптары бойынша сынақ немесе коллоквиум түрінде ұйымдастырылады. Межелік бақылауда сырттай оқу бөлімі студенттер үшін келесі критерийлер ескеріледі:

$$РД=Р1 \text{ или } РД=Р1*0,7+КР*0,3$$

Пән бойынша рейтинг мына формула бойынша анықталады:

мұндағы P_1 , P_2 , АҮ– бірінші, екінші рейтингтің, ағымды үлгерімнің балдары;

$$РД=(P1+P2)/2 - \text{(емтиханға жіберілуі)}$$

$$\text{Қорытынды}=РД*0,6+ҚБ*0,4$$

Толық дұрыс жауап 100 балмен бағаланады, оның ішінде:

100-90 балл – тиянақты, дәйекті, байланысты, толыққанды жауап; балдардың шегерілуі жауаптың мәнін және дұрыстығын бұзбайтын кемшіліктердің кездесуімен байланысты;

89-75 балл - материалды толық игергендігі, мәселе бойынша әдебиеттерді білетіндігі көрінетін және қосымша сұрақтардың қажеттігінсіз берілген жауапқа қойылады;

74-50 балл – студент тек негізгі материалды біледі, мәселе бойынша әдебиеттерді шатастырады, қойылған қосымша сұрақтарға жеткіліксіз жауаптар қайырады;

49-0 балл – студент толық және дұрыс жауап беруге қауқарсыз, қосымша сұрақтар оған көмектеспейді, мәселе бойынша әдебиеттер қарастырылмаған.

Қорытынды бақылау. Курс пән бойынша тестілеу түрінде өтетін емтихан тапсыруымен аяқталады. Бақылау үстінде көшіріп жазуға тыйым салынады. Емтиханда студенттің әр қайсысына тесттік формадағы 50 сұрақ беріледі. Әрбір дұрыс жауап 2 балмен бағаланады. Емтиханның жалпы бағасы дұрыс жауаптардың бағаларын қосу арқылы анықталады.

Курстың ақтық бағасы бұған дейінгі жинақталған барлық балдарды ескеру арқылы қойылады.

Егер студент емтиханда F деген баға алса, оның қорытынды рейтингі анықталмайды. Ведомосқа «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

12 Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2007
2. Педагогика. Оқулық, Алматы : Print-S, 2005. -3646.

3. Педагогика. Оқулық/Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы – Алматы: Print-S, 2005-430б.

4. Ж. Коянбаев Педагогика.- Астана,2001

Қосымша:

5. Педагогика. Курс лекций, Алматы: Нұрлы Әлем, 2003

6. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Алматы, Дарын 2004

СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру жөніндегі және «Жалпы педагогика» пәні бойынша **5B050300-Психология бакалавр** мамандығы бойынша іштей оқу нысанындағы студенттерге арналған бақылау шараларының күнтізбелік кестесі

1 рейтинг (2 семестр)											
Апталар		1 сабақ үшін макс. балл	1	2	3	4	5	6	7	8	Барлығы
Максималды балл			12	12	12	12	12	12	12	16	100
Дәрістерге қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі/есеп беру нысаны		ДҮТ 1,2		ДҮТ 3,4		ДҮТ 5,6		ДҮТ 7,8		16
	Бақылау нысаны		У		У		У		У		
	Макс.балл	1	2	2	2	2	2	2	2	2	
Практикалық сабақтарға қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі/есеп беру нысаны		ПҮТ 1,2		ПҮТ 3,4		ПҮТ 5,6		ПҮТ 7,8		32
	Бақылау нысаны		У		У		У		У		
	Макс.балл	2	4	4	4	4	4	4	4	4	
СӨЖ жұмыстарға қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі/есеп беру нысаны		1зертх ҮТ		2 зертх ҮТ		3 зертх ҮТ		3 зертх ҮТ		52
	Бақылау нысаны		Р		Р		Р		Р		
	Макс.балл	2	2		2		2		2		
	Бақылау нысаны			13Қ		2 3Қ		3 3Қ		4 3Қ	
	Бақылау нысаны			3		3		3		3	
	Макс.балл		6	6	6	6	6	6	6	10	
Пән тақырыптары бойынша білімді бақылау	СӨЖ түрі/есеп беру нысаны				ПТД				ПТД		10
	Бақылау нысаны				Т1				Т2		
	Макс.балл									10	
2 рейтинг (2 семестр)											
Апталар		1 сабақ үшін макс. балл	1	2	3	4	5	6	7	8	Барлығы
Максималды балл											100
Дәрістерге қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі/есеп беру нысаны		ДҮТ 1,2		ДҮТ 3,4		ДҮТ 5,6		ДҮТ 7,8		14
	Бақылау нысаны		У		У		У		У		
	Макс.балл	1	2	2	2	2	2	2	2		
Практикалық сабақтарға қатысу және дайындалу	Бақылау нысаны		У		У		У		У		28
	Макс.балл	2	4	4	4	4	4	4	4		
	Бақылау нысаны				Т				Т		
	Макс.балл				13				13		
	Бақылау нысаны					К		К			48

Материалды өздігінен меңгеру	Макс.балл		6	6	6	6	6	6	6	6	
Пән тақырыптары бойынша білімді бақылау	СӨЖ түрі/есеп беру нысаны				ПТД			ПТД			10
	Бақылау нысаны				Т1			Т2			
	Макс.балл				10			10			

Шартты белгілеулер: 1 ДҮТ – №1 дәрісті дайындау үшін берілетін үй тапсырмасы; Қ – оқу үрдісіне қатысу; ПҮТ 1 – №1 практикалық сабақтарға дайындалу үшін үй тапсырмасы; 1 зертхҮТ – №1 зертханалық сабаққа дайындалу үшін үй тапсырмасы; Д – рұқсат қағазы; Е – есеп; 13Қ – №1 зертханалық жұмысты қорғау; КЖБ 1– курстық жұмыстың №1 бөлімі; Т – тексеру; ӨОҮТ1 – материалды өздігінен оқуға №1 үй тапсырмасы; К – коллоквиум; 1Т –№1 тест.

Кафедра отырысында ұсынылған 20__ж. «__»_____№_____ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Е.И.Бурдина 20__ж. «__» _____